

100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

Қазақ делегациясы Дамаскідегі Әбу Насыр әл-Фарабидің қабіріне зиярат жасады

Келесі жылы «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы аталағы өтеді. Осы ауқымды оқиғаға әзірлік барысында қазақстандық арнайы делегация Сирияның Дамаск қаласына іссапармен барды. Әрі бұл сапар мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы негізгі міндеттерді жүзеге асыруды мақсат тұтады.



Аталған іссапар көптен бері жоспарланып, Қазақстан Республикасының Ливандағы Елшілігінің және Сирия Республикасының Қазақстандағы құрметті Елшісінің қолдауымен жүзеге асты.

Осылайша бұл сапар ұлы бабамызға зиярат етіп, жатқан жеріне Қазақстан тарапының қаржыландыруымен салынған «Әл-Фараби мәдени тарихы орталығы және кесенесі» құрылышының жай-күйімен жақыннан танысып, 2020 жылы ұлы ойшылдың 1150 жылдығын өткізуге дайындық шараларын жалғастыруды көздел отыр. Сонымен бірге достас мемлекеттер арасындағы ортақ тарихи және мәдени құндылықтарды насихаттап, жақсы қарым-қатынастың іргетасын нығайта түсу де маңызды.

Сонымен қазақстандық делегация құрамында ҚазҰУ-дың ректоры Галымқайыр Мұтандылы, Парламент Сенатының депутаты Әлімжан Құртаев, танымал кинорежиссер Сергей Эзимовтің тұсіру тобы мен Qazaqstan-1 теларнасы атынан Дархан Әбдіков басшылығындағы тұсірілім тобы, сондай-ақ Шығыстану факультетінің деканы Іктияр Палтөре болды.

Сапар аясында қазақстандық делегация Дамаск қаласы әкімінің қабылдауында болып, құрылышы аяқталған «Әл-Фараби мәдени тарихи орталығы және кесенесі» ғимаратының болашағы туралы пікір алмасты. Делегация басшысы академик Галымқайыр Мұтанов Дамаск қаласының әкімі Адил Ануар әл-Алаби мырзамен кездесуінде ұлы бабамыздың жатқан жеріне салынған ғимаратты аса қыын соғыс кезінде сақтап қалуға атсалысқандары үшін Қазақстан атынан зор алғыс айтып, ризашылық танытты.

Маңызды кездесулер кезінде ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов: «Сіздермен бізді байланыстыратын тарих төртінен тартады. Отырада дүниеге келген ұлы әл-Фараби бабамыз, кезінде сіздерде билік құрған Сұлтан Зahir Бейбарыс бабамыз осы киелі Дамаск жерінде жатыр. Бұл екі альп тұлға екі елді жақындастыра түсетін мәдени көпір, жастар тәрибесінде рухани азық, күш-жігер, ұлгі-өнеге болатын тұлғалар екендігіне сенім білдіремін», деді.

Іссапар кезінде қазақстандық делегация Дамаск университетінің ректоры профессор Мұхаммед Майир Қабақибимен кездесті. Екі университет басшысы өзара диалог барысында қарым-қатынастарды нығайту бағытында пікір алмасты. ҚазҰУ-дың ректоры F.Мұтанов әл-Фарабиге деген жалпы көпшіліктің таным көкжиегін кеңейтіп, бізге жазып қалдырған философиялық ой-толғамдары мен жалпы адамзаттың бақытты өмір сұруіне қатысты айтқан тұжырымды ойларын бүгінмен байланыстырудың өзектілігіне ерекше тоқталды.

Осы бағытта әл-Фарабидің есімін иеленіп отырған Қазақ ұлттық университеті ұлы ғұламаның ізгілік қоғамы идеясы негізінде инновациялық-технологиялық тұғырнамамен қатар рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген «Университет 4.0» жаңа буын университетінің моделін жасағандығын айтты. Бұл жобаны Біріккен ұлттар үйімінің (БҰҰ) Нью-Йорктең штаб-пәтерінде таныстырып, осы үйімінің қолдауымен оны халықаралық деңгейде жүзеге асыруға ұсыныс білдіргендігін тілге тиек етті. Осылайша Қазақ ұлттық университеті БҰҰ Өркениеттер альянсымен бірлесіп «Қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру. Қазіргі заманғы университеттердің миссиясы» атты халықаралық жобаны жүзеге асыра бастағандығын түсіндіріп берді. Сондай-ақ бүгінге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркия, Мысыр, Италия, Қытай, Үндістан, Болгария сияқты тағы басқа елдердің жетекші университеттерінде 12 «Әл-Фараби» ғылыми-білім беру орталығы, Түркия мен Үндістанда «Әл-Фараби» атындағы музей үйінің ашылғандығын жеткізді.

Іссапар аясында қазақстандық делегация Сирияның халықаралық академиясында дөңгелек үстел өткізді. Онда ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың өмірі мен шығармашылығы, философиялық ой-толғамдары, әсіресе «Қайырымды қала құру» туралы айтқан ой-пікірлері кеңінен талқыла салынды. Жиын соңында халықаралық академияның дөңгелек үстел өтіп отырған үлкен залы бұдан бұлай «әл-Фараби» атындағы үлкен зал деп аталуына шешім шығарылды.

Делегация құрамындағы түсірілім тобы Дамаск қаласындағы «Әл-Фараби мәдени-тарихи орталығы және кесенесі» ғимаратында, Сұлтан Бейбарыс бабамыздың басында және тағы басқа көне Дамаск көріністерін, тарих-мәдени орындарды таспаға түсіріп, әл-Фараби бабамыз берілген Сұлтан Бейбарыс бабамызға қатысты фильмге қажетті мол видеоматериалдар жинақтады.

Айнаш ЕСАЛИ